

Қазақстан Республикасының Экспорттық өнімдер шығаратын өнеркәсіп орындарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 тамыз 1994 ж N 928

Дағдарыстан шығу, экспорттық өнім шығаратын кәсіпорындарда өндіріс көлемін тұрақтандыру мен арттыру үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі және экспорттық өнімдер шығаратын өнеркәсіп орындары 1994 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша электр энергиясы және жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі көрсетілген қызмет берешектерін қайтару кестесін келіссін.

Экспорттық өнімдер шығаратын өнеркәсіп орындары электр энергиясы және жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау жөнінде көрсетілген қызмет үшін ағымдағы төлемдерді алдын-ала жасалатын елу проценттік төлемдерді ескере отырып қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қызмет көрсететін банктерге 1994 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша экспорттық өнімдер шығаратын өнеркәсіп орындарының негізгі несиелерін берешектерін директивті кредитке, ол бойынша берешектің отыз процентін 1994 жылғы 5 қазанға және қалған жетпіс процентін 1995 жылғы 5 қаңтарға дейін қайтаруды көздей отырып, қайтадан ресімдеуге ұсыныс жасасын.

Бұл кәсіпорындардың мерзімі өткен несиелері бойынша үстеме

есептеу және айып өндіріп алу мен өсім төлету 1994 жылғы 8 тамыздан тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі экспорттық өнімдер шығаратын өнеркәсіп орындарының кепілдік міндеттемелері негізінде, олардың банктерде жатқан шет ел валютасындағы қаражаттарын қоса, тиісті кепілдемелер ресімдесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК